

# Скрам нұсқауы

---

Скрам туралы анықтамалық нұсқаулық:  
Ойын Ережелері

*Қараша 2017*



*Jeff Sutherland*

*Ken Schwaber*

*Скрамды шығарған және дамытатын: Кен Швабер және Джефф Сазерленд*

# Мазмұны

---

Скрам нұсқауының мақсаты .....	3
Скрам анықтамасы .....	3
Скрамды қолдану .....	4
Скрам теориясы .....	4
Скрам құндылықтары.....	5
Скрам Тобы.....	6
Өнім Иесі .....	6
Өнімді Әзірлеу Тобы.....	7
Скрам Мастер.....	8
Скрам Оқиғалары .....	9
Спринт.....	9
Спринтті Жоспарлау.....	10
Күнделікті Скрам.....	12
Спринт Шолуы.....	13
Спринт Ретроспективасы.....	14
Скрам Артефактілері.....	15
Өнім Бэклогі .....	15
Спринт Бэклогі.....	16
Инкеремент .....	17
Артефакттың айқындығы.....	17
«Дайын» анықтамасы .....	18
Нұсқау тұжырымы.....	19
Алғыс хат.....	19
Тұлғалар.....	19
Тарихы .....	19
Аударманы ұсынған .....	19
Скрам Нұсқауының 2016 және 2017 басылымдарының арасындағы өзгерістер.....	20

## Скрам нұсқауының мақсаты

Скрам - бұл күрделі өнімдерді әзірлеу, жеткізу және қолдау үшін негіздеме. Бұл нұсқаулықта Скрам анықтамасы берілген. Бұл анықтама Скрам рөлдерінен, оқиғаларынан, артефактілерден және оларды біріктіретін ережелерден тұрады. Кен Швабер және Джефф Сазерленд Скрам негіздемесін шығарып, Скрам нұсқаулығын жазып, оны көпшілікке баяндаған болатын. Бірге олар Скрам нұсқаулығының авторлары болып саналады.

## Скрам анықтамасы

Скрам (зат есім): өнімді клиентке мүмкіндігінше құндылығын арттыра отырып жеткізудегі адамдардың күрделі бейімделу мәселелерін шешетін құрылым(фреймворк).

Скрам ол:

- Жеңіл
- Түсінуге қарапайым
- Меңгеруі қиын

Скрам - бұл 90-шы жылдардың басынан бастап күрделі өнімдерді шығару жұмыстарын басқару үшін пайдаланылатын технологиялық құрылым. Скрам - бұл процесс, техника немесе нақты әдіс емес. Керісінше, бұл әртүрлі процестер мен әдістерді қолдануға болатын құрылым. Скрам өнімді шағыруды басқаруды және жұмыс техникасын салыстыру арқылы сапасын арттыруды тиімді етеді, осылайша сіз өнімді, ұжымды және жұмыс ортасын үнемі жетілдіре аласыз.

Скрам құрылымы Скрам- командаларынан және олармен байланысты рөлдерден, оқиғалардан, артефактілерден және ережелерден тұрады. Скрам құрылымының әр компоненті белгілі бір нақты мақсатқа қызмет етеді және оны қолданудың міндеттемесі болып саналады.

Скрам ережелері рөлдерді, оқиғаларды және артефактілерді біріктіреді, олардың ара-қатынастары мен өзара әрекеттесуін реттейді. Скрам ережелері осы құжаттың әр бөлімінде сипатталған.

Скрамды қолдану әдістері әртүрлі болуы мүмкін, дегенмен олар бұл нұсқаулықта көрсетілмеген.

## Скрамды қолдану

Скрам бастапқыда өнімдерді шығаруды басқару және дамыту үшін қолданылған. 1990 жылдардың басынан бастап Скрам бүкіл әлемде кеңінен келесі жұмыстарда қолданылды:

1. Өміршең нарықтарды, технологияларды және өнімнің мүмкіндіктерін зерттеу және анықтау;
2. Өнімдерді шығару мен оларды жақсарту;
3. Өнімді шығарумен қатар оларды күніне бірнеше рет жаңарту;
4. Бұлтта (онлайн желіде, қауіпсіз, сұраныс бойынша) және өнімді пайдалану үшін басқа да ортаны дамыту және демеу; және,
5. Өнімдерді демеу және жаңарту.

Скрам программаны, аппараттық құралдарды, ендірілген қосымша программаны, өзара әрекеттесетін желілерді, автокөлік құралдарын, мектептерді, үкіметті, маркетингі, ұйымдардың жұмысын басқаруда, күнделікті жеке өмірімізде және қоғамда кез келген нәрсені жасау немесе өндіру үшін қолданылуы мүмкін.

Технология, нарықтық, экологиялық қиындықтар және олардың өзара әрекеттестігі тез қарқынмен өскен сайын, Скрамның күрделілік мәселесіне деген пайдасы күнделікті дәлелденіп келеді.

Скрам әсіресе білімді итеративті және Инкрементті түрде айырбастауда тиімді екенін дәлелдеді. Скрам қазіргі таңда өнімдердің жұмысында, қызметте және ұйымдарды басқаруда кеңінен қолданылады.

Скрамның негізі - бұл шағын топ. Жеке шағын топ өте икемді және бейімделгіш болып табылады. Бұл артықшылық бір немесе бірнеше көптеген топтарға және топтар жиынына бірдей қолданылады. Ол мыңдаған адамдардың еңбегін, өнімдерді дайындайтын, релизбен шығаратын, басқаратын және қолдайтын құрылым. Олар дамыған архитектуралар мен анықталған релиз орталарымен өзара әрекеттеседі.

Скрам нұсқаулығында «даму» және «дамыту» сөздері қолданылған кезде, олар жоғарыда аталған күрделі жұмыстарға негізделгеннің анық түсінуге болады.

## Скрам теориясы

Скрам процесті басқару эмпирикалық теориясына немесе эмпиризмге негізделген. Эмпиризм тәжірибе негізіндегі білімге және белгілі нәрсеге сүйене отырып шешім қабылдаудан туындайды. Скрам алдын-ала болжамды және тәуекелді басқаруды оңтайландыру үшін итеративті және Инкрементті әдісті қолданады.

Эмпирикалық процестерді бақылауды жүзеге асырудың үш негізі бар. Олар: айқындық, тексеру және бейімдеу.

©2017 Ken Schwaber and Jeff Sutherland. Offered for license under the Attribution Share-Alike license of Creative Commons, accessible at <http://creativecommons.org/licenses/by-sa/4.0/legalcode> and also described in summary form at <http://creativecommons.org/licenses/by-sa/4.0/>. By utilizing this Scrum Guide, you acknowledge and agree that you have read and agree to be bound by the terms of the Attribution Share-Alike license of Creative Commons.

## Айқындық

Процестің маңызды жақтары нәтижеге жауапты адамдарға көрінуі керек. Айқындық дегеніміз аспектілерді жалпы стандартқа сәйкес келістіру, сонда бақылаушылар көрсетілген нәрселер туралы ортақ түсінік алады.

Мысалы:

- Процесске қатысты ортақ тілді барлық қатысушылар бірдей түсінуі керек; және,
- Жұмысты орындайтындар және жұмысты тексеріп қабылдайтын жақтар «Дайын» деген анықтаманы бірдей түсініп пайдалануы керек.

## Тексеру

Скрам қолданушылары жағымсыз ауытқуларды анықтау үшін Скрам артефактілерін және Спринт Мақсатына жету жолдарын жиі тексеріп отыруы керек. Оларды тексеру тым жиі болмауы керек, тексеру тек жұмыс барысында орындалғаны жөн. Тексерулер жұмыс орнында білікті инспекторлармен мұқият жүргізілгенде тиімді болады.

## Бейімдеу

Егер инспектор процестің бір немесе бірнеше аспектілері қолайлы шектерден ауытқығанын және нәтижесінде алынған өнім қолайсыз болатындығын анықтаса, процесті немесе өңделетін материалды түзету қажет. Бұдан әрі ауытқуды азайту үшін мүмкіндігінше тезірек түзетулер енгізілуі керек.

Скрам тексеру және бейімдеу үшін төрт Скрам Әрекеттерін ұйғарды және олар осы нұсқаулықтың жеке бөлімінде түсіндіріледі:

- Спринтті Жоспарлау
- Күнделікті Скрам
- Спринт Шолуы
- Спринт Ретроспективасы

## Скрам құндылықтары

Скрам Тобы міндеттілік, ұмтылып талаптану, ықыластылық, ашықтық және сыйластық құндылықтарына сүйеніп өмір сүрген кезде, Скрамның негізгі үш тіректері: айқындық, тексеру және бейімделу өмірге келеді және барлық топ мүшелерінің арасында сенімділікті қалыптастырады. Скрам Тобының мүшелері Скрам рөлдерімен, оқиғаларымен және артефактілерімен жұмыс істеу барысында сол құндылықтарды үйренеді және зерттейді.

Скрамды сәтті пайдалану адамдардың осы бес құндылықты ұстану деңгейіне байланысты болады. Қызметкерлер Скрам Тобының мақсаттарына жетуге жеке жауапкершілік алады. Скрам Тобының мүшелері дұрыс нәрсені істеуге ұмтылып талаптанады, қиын мәселелерді шешуге тырысады. Барлығы Спринт жұмысына және Скрам Тобының мақсаттарына жетуді көздейді. Скрам Тобы және оның мүдделі тұлғалары барлық жұмыстар мен жұмысты

©2017 Ken Schwaber and Jeff Sutherland. Offered for license under the Attribution Share-Alike license of Creative Commons, accessible at <http://creativecommons.org/licenses/by-sa/4.0/legalcode> and also described in summary form at <http://creativecommons.org/licenses/by-sa/4.0/>. By utilizing this Scrum Guide, you acknowledge and agree that you have read and agree to be bound by the terms of the Attribution Share-Alike license of Creative Commons.

орындау барысында табылған қиындықтар туралы ашық сөйлеседі. Скрам Топ мүшелері бір-бірін қабілетті, тәуелсіз адамдар ретінде құрметтейді.

## Скрам Тобы

Скрам Тобы құрамына Өнім Иесі, Әзірлеу Тобы және Скрам Мастер кіреді. Скрам командалары өзін-өзі ұйымдастырады және кросс-функционалды. Өзін-өзі ұйымдастыру топтары сырттан келген нұсқауларға ермей, өз жұмыстарын қалай жақсы орындау керектігін өздері шешеді. Кросс-функционалды топтар сырттағы, топ құрамына кірмейтін басқа адамдарға тәуелді болмай жұмысты орындау үшін қажетті барлық құзыреттерге(компетенция) ие. Скрам Тобының моделі икемділікті, креативтілік пен өнімділікті оңтайландыруға арналған. Скрам Тобы жоғарыда айтылған барлық қасиеттерге ие және кез-келген күрделі жұмысты тиімді орындай алатындығын дәлелдеді.

Скрам топтары кері байланыс үшін мүмкіндіктерді арттыра отырып, өнімдерді тез және біртіндеп жеткізеді. Инкрементті өнімнің «Дайын» дегені - өнімінің қосымша жеткізілімдері жұмысқа қабілетті және әрдайым пайдалы нұсқасының кез келген уақытта қолжетімді болуы.

## Өнім Иесі

Өнім Иесі Әзірлеу Тобының жұмысы нәтижесінде алынған өнімнің құнын арттыруға жауап береді. Мұның қалай жасалуы әртүрлі ұйымдарда, Скрам топтарында және жеке адамдарда әр түрлі болуы мүмкін.

Өнім Иесі - Өнімнің Бэклогін (Backlog) басқаруға жауапты жалғыз тұлға. Өнімнің Бэклогін басқару келесіні қамтиды:

- Өнім Бэклогінің элементтерін нақты баяндау;
- Мақсаттар мен міндеттерге жету үшін Өнім Бэклогінің ретін дұрыс бақылау;
- Әзірлеу Тобы жүзеге асыратын жұмыстың құндылығын оңтайландыру;
- Өнім Бэклог жұмыстары көрінетін, айқын және барлығына түсінікті болуын қамтамасыз ету және Скрам Тобының келесіде не істейтінін анықтау; және
- Әзірлеу Тобы Өнім Бэклогінің элементтерін қажетті деңгейде түсінетінін қамтамасыз ету.

Өнім Иесі жоғарыда аталған жұмысты өздігінен орындауы немесе оны Әзірлеу Тобы орындауы мүмкін. Алайда, Өнім Иесі осы жұмыс нәтижесіне есеп береді.

Өнім Иесі - бір топ адам емес, бір ғана адам. Өнім Иесі Өнім Бэклог тізімінде комитеттің қалауын білдіруі мүмкін, бірақ Өнім Бэклог элементінің басымдылығын өзгерткісі келетіндер Өнім Иесіне жүгінуі керек.

Өнім Иесінің жетістікке жетуі үшін бүкіл ұйым оның шешімдерін құрметтеуі керек. Өнім Иесінің шешімдері Өнім Бэклогінің мазмұны мен тапсырысынан көрінеді. Әзірлеу Тобын басқа талаптар жиынтығына жұмыс істеуді - ешкім мәжбүрлей алмайды.

## Өнімді Әзірлеу Тобы

Әзірлеу Тобы әр Спринт соңында «Дайын» болатын Инкремент өнімінің шығарылуын қамтамасыз ететін өз ісінің мамандарынан тұрады. Спринт Шолуында Инкременттің «Дайын» деген қадамы қажет. Инкрементті тек Әзірлеу Тобының мүшелері дайындайды.

Әзірлеу Топтары құрылымдалған және ұйымға өз жұмысын ұйымдастыруға және басқаруға мүмкіндік береді. Алынған жарастық Әзірлеу Тобының тиімділігі мен нәтижелігін оңтайландырады.

Әзірлеу Топтары келесі сипаттамаларға ие:

- Олар өзін-өзі ұйымдастырады. Ешкім (тіпті Скрам Мастер), Әзірлеу Тобына Өнім Бэклогіне сәйкес Инкрементке қол жетімді функционалдылық деңгейіне қалай өзгерту енгізу керектігін айтпайды.
- Әзірлеу Топтар кросс-функционалды, барлық дағдыларды қамтитын топ ретінде өнім Инкрементін дауындау үшін қажет;
- Скрам адам жасаған жұмыс үлесіне қарамастан, Әзірлеу Тобының Мүшелеріне ешқандай атақ бермейді;
- Скрам тестілеу, архитектура, операциялар немесе бизнесті талдау сияқты мәселелерді шешуге қажет салаларға қарамастан, Әзірлеу Тобындағы ішкі топтарға бөлінбейді; және
- Әзірлеу Тобының жеке мүшелері мамандандырылған дағдылар мен бағыттарға ие болуы мүмкін, бірақ есеп беру тұтастай алғанда Әзірлеу Тобының міндетіне жатады.

## Әзірлеу Тобының Өлшемі

Әзірлеу Тобының оңтайлы өлшемі жеткілікті түрде аз - икемді бола алатындай, оған қоса Спринт ішіндегі маңызды жұмыстарды аяқтауға жетерліктей болуы керек. Әзірлеу Тобының Мүшесі үштен аз болған жағдайда, өзара әрекеттесуді тиімді етеді, бірақ өнімділіктің аз болуына ықпал етеді. Шағын Әзірлеу Топ Мүшелері Спринт кезінде икемділіктің шектелуіне байланысты қиындықтарға тап болуы мүмкін, сондықтан Әзірлеу Тобы қол жетімді ықтимал Инкрементті жеткізе алмайды. Топ мүшесі тоғыздан көп болған жағдайда - үйлестіруді қажет етеді. Әзірлеу Тобының үлкен саны эмпирикалық процестің пайдалы болуы үшін өте көп қиындық тудырады. Өнім Иесі және Скрам Мастер рөлдері Спринт Бэклогі жұмысын орындамаса, есепке алынбайды.

## Скрам Мастер

Скрам Мастері Скрам нұсқаулығында көрсетілгендей Скрамды алға жетелеу және қолдау үшін жауап береді. Скрам Мастерлері оны бәріне Скрам теориясын, тәжірибесін, ережелерін және құндылықтарын түсінуге көмектесу арқылы жасайды.

Скрам Мастері Скрам Тобының қызметші-көшбасшысы. Скрам Мастері Скрам Тобынан тыс адамдарға Скрам Тобымен өзара әрекеттесудің қайсысы пайдалы және қайсысы пайдасыз екендігін түсінуге көмектеседі. Скрам Мастері ол өзара әрекеттесуді Скрам Тобы жасаған жұмыстың құндылығын арттыру мақсатында өзгертуге көмектеседі.

### Скрам Мастерінің Өнім Иесіне қызметі

Скрам Мастері Өнім Иесіне бірнеше жолмен қызмет етеді, соның ішінде:

- Скрам Тобының әрбір мүшесі алға қойылған мақсаттың қаншалықты ауқымды екеніне және өнімнің саласына сай қасиеттерін мүмкіндігінше түсінетіндігіне көз жеткізу;
- Өнім бэглөгін тиімді басқарудың әдістерін табу;
- Скрам Тобына Өнім Бэклогінің элементтерін анық және қысқа да нұсқа етіп көрсетуінің қажеттілігін анықтап-көмектесу;
- Эмпирикалық ортада өнімді жоспарлауды түсіну;
- Өнім Иесі өнімнің құнын арттыру үшін Өнім Бэклогін қалай ұйымдастыруға болатындығын көрсету;
- Ептілікті түсіну және тәжірибе жүзінде қолдану; және
- Қажет немесе сұраныс болған жағдайда Скрам Оқиғаларын барынша жеңілдету.

### Скрам Мастердің Әзірлеу Тобына қызметі

Скрам Мастері Әзірлеу Тобына бірнеше жолмен қызмет етеді, соның ішінде:

- Әзірлеу Тобын өзін-өзі ұйымдастыруға және кросс-функционалдылыққа үйрету;
- Әзірлеу Тобына құндылығы жоғары өнімдер шығаруға көмектесу;
- Әзірлеу Тобының жұмысындағы кедергілерді жою;
- Қажет немесе қажеттілік бойынша Скрам Оқиғаларын ұйымдастыру; және
- Скрам әлі толықтай қабылданбаған және түсіндірілмеген ұйымдық ортада Әзірлеу Тобына Скрамды түсіндіріп үйрету.

### Скрам Мастердің Ұйымға қызметі

Скрам Мастер ұйымға бірнеше жолмен қызмет етеді, соның ішінде:

- Скрамды қабылдауда ұйымның жетекшісі және тәлімгері болады;
- Скрамды ұйым ішіне енгізу және жүзеге асыру;
- Қызметкерлерге және мүдделі тараптарға Скрам және эмпирикалық өнімді жасауды түсінуге және қабылдауға көмектесу;
- Скрам Тобы өнімділігін арттыратын өзгерісті тудыру; және

©2017 Ken Schwaber and Jeff Sutherland. Offered for license under the Attribution Share-Alike license of Creative Commons, accessible at <http://creativecommons.org/licenses/by-sa/4.0/legalcode> and also described in summary form at <http://creativecommons.org/licenses/by-sa/4.0/>. By utilizing this Scrum Guide, you acknowledge and agree that you have read and agree to be bound by the terms of the Attribution Share-Alike license of Creative Commons.



- Скрамды ұйымда қолдану тиімділігін арттыру үшін басқа Скрам Мастерлермен жұмыс істеу.

## Скрам Оқиғалары

Белгіленген оқиғалар Скрам жүйесінде Скрамда анықталмаған жиналыстардың қажеттілігін азайту үшін және жүйелілікті құру үшін қолданылады. Барлық оқиғалар уақытты ескеретін оқиғалар болып табылады, сондықтан әрбір оқиғаның ең ұзақ уақыты анықталады. Спринт басталған соң оның ұзақтығы белгіленеді және қысқартылмайды немесе ұзартылмайды. Қалған оқиғалар іс-шараның мақсатына жеткен кезде аяқталуы мүмкін, бұл процесске уақытты ысырап етпестен тиісті уақытты ғана жұмсауды қамтамасыз етеді.

Скрамдағы әрбір оқиға (Спринттің өзінен басқа) бір нәрсені тексеруге және бейімдеуге ресми мүмкіндік береді. Спринт - бұл ерекше жағдай, бұл басқа оқиғаларға арналған контейнер. Скрам оқиғалары іс-шаралардың неғұрлым ашық және тексерісті қамтамасыз етуі үшін арнайы жасалған. Кез-келген оқиғалардың сәтсіздігі анықтылықтың төмендеуіне әкеліп соғады және тексеру мен бейімделу мүмкіндігін жоғалтады.

## Спринт

Скрам негізі Спринт болып табылады. Спринт бір ай немесе одан аз уақыт ішінде «Дайын», яғни пайдалануға болатын өнім Инкрементін дайындап шығару уақыты. Өнімді дайындау процесінде Спринттің тұрақты ұзақтығын сақтау ұсынылады. Жаңа Спринт алдыңғы Спринт аяқталғаннан кейін бірден басталады.

Спринтке Спринтті Жоспарлау, Күнделікті Скрамдар, Өнімді Әзірлеу жұмыстары, Спринт Шолуы және Спринт Ретроспективасы кіреді.

Спринт барысында:

- Спринт Мақсатына қауіп төндіретін ешқандай өзгеріс енгізілмеуі керек
- Сапа көрсеткіштері төмендемеуі керек; және
- Өнімді Әзірлеу барысында Өнім Иесі мен Әзірлеу Тобы арасында келісімге және өткен тәжірибеге байланысты жұмыс ауқымы нақтылануы мүмкін.

Әрбір Спринт бір айдан аспайтын жоба ретінде қарастырылуы мүмкін. Жобалар сияқты Спринттер бір нәрсені жасау үшін қолданылады. Әрбір Спринтке мақсат қойылады, оның жасалуы, жұмысы және нәтижелі өнімді ұлғайтуға мүмкіндік беретін дизайны мен икемді жоспары бар.

Спринттер бір күнтізбелік аймен шектеледі. Спринттің уақыты тым ұзақ болған кезде, әзірленіп жатқан жобаның анықтамасы өзгеруі мүмкін, онымен қоса күрделілігі мен тәуекелі жоғарылауы мүмкін. Спринттер кем дегенде әр айда Спринт Мақсатына қарай ілгерілікті тексеруді және бейімделуді қамтамасыз ету арқылы алдын-ала болжауға мүмкіндік береді. Спринттер тәуекелді шығынның бір күнтізбелік айына дейін шектейді.

### Спринтті тоқтату

Спринтті уақыты жетпестен бұрын тоқтатуға болады. Спринтті тек Өнімнің Иесі ғана тоқтатуға құқылы. Бірақ ол мұндай жағдайға мүдделі тараптардың, Әзірлеу Тобының немесе Скрам Мастерінің әсерінен баруы мүмкін.

Спринт Мақсаты актуалды болмаған жағдайда Спринт тоқтатылады. Яғни компания бағытты өзгерткенде, нарықтық немесе технологиялық өзгерістерге байланысты болуы мүмкін. Жалпы, егер Спринт аталған жағдайларға байланысты мағынасы жойылса, тоқтатылуы керек. Бірақ, Спринттер қысқа мерзімді болғандықтан, күшін жоюы өте сирек кездеседі.

Спринт тоқтатылған кезде, аяқталған және «Дайын» деген Өнім Бэклогінің элементтері қайта қаралады. Егер жұмыстың бір бөлігін жасап шығару мүмкін болса, оны Өнім Иесі дайын деп қабылдайды. Өнім Бэклогінің барлық аяқталмаған элементтері қайта бағаланады және Өнім Бэклогінің тізіміне қайтарылады. Ол жұмыс бағасын тез жоғалтады және жиі қайта бағалануы керек.

Спринттің тоқтатылуы ресурстарды тұтынуға себепші болады. Ол басқа Спринтті жоспарлап, басқа Спринтті бастауға күш салатындыққа байланысты. Спринттің тоқтатылуы әдетте Әзірлеу Тобына зақым келтіреді және де сирек кездеседі.

### Спринтті Жоспарлау

Спринтте орындалуы керек жұмыстар Спринтті Жоспарлау оқиғасында жоспарланады. Бұл жоспарлау жұмысы Скрам Тобының бірлескен жұмысы негізінде жасалады.

Спринтті Жоспарлау бір айлық Спринт үшін ең көп дегенде сегіз сағат уақытты ескереді. Қысқа Спринттер үшін оқиғалар әдетте қысқа болады. Скрам Мастер оқиғаның іске асуын және оған қатысушылардың оның негізгі мақсатын түсінуін қамтамасыз етеді. Скрам Мастері Скрам Тобына уақыт өлшемін есепке алуды үйретеді.

Спринтті Жоспарлау келесі сұрақтарға жауап береді:

- Алдағы Спринт нәтижесінде болатын Инкремент не үшін жасалады?
- Инкрементті жасау үшін қандай жұмыс қажет болады?

## **Бірінші тақырып: Спринтте не бітіруге болады?**

Әзірлеу Тобы Спринтте жасалатын функционалды болжау үшін жұмыс істейді. Өнім Иесі екі маңызды мәселені жеткізуі керек: Спринтте бизнес мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады және Спринт Мақсатына жету үшін Өнім Бэклогінің қажетті элементтерін қалай анықтауға болады. Осыған орай Скрам Тобы бірлесіп Спринт жұмысын түсінуде бірігеді.

Бұл жиналысқа Өнім Бэклогі, өнімнің соңғы Инкременті, Спринттегі Әзірлеу Тобының жобаны жасап жеткізуі және Әзірлеу Тобының жұмыс жасау қабілеттілігі кіреді. Спринтке кіретін Өнімнің Бэклогінің тізімінен таңдалған элементтер саны тек Әзірлеу Тобына байланысты. Алдағы Спринт ішінде қандай жұмыс ауқымы істелінетінін тек Әзірлеу Тобы бағалай алады.

Спринтті Жоспарлау барысында Скрам Тобы сонымен қатар Спринт Мақсатын да анықтайды. Спринт Мақсаты Өнім Бэклогін жүзеге асыру барысында Спринтте орындалатын жұмыс бағыты және Әзірлеу Тобына Инкремент не үшін жасалатындығын айқындайды.

## **Екінші тақырып: Таңдалған жұмыс қалай орындалып аяқталады?**

Спринт Мақсатын белгілеп, Өнім Бэклогінің элементтерін таңдағаннан кейін, Әзірлеу Тобы бұл анықталған жұмысты Спринт барысында «Дайын» деген өнім Инкрементін қалай жеткізу керектігін шешеді. Осы Спринтке таңдалған Өнім Бэклог элементтері және оларды жүзеге асыру жоспары Спринт Бэклогі деп аталады.

Әзірлеу Тобы әдетте жүйені жобалаудан бастайды және Өнім Бэклогінің жұмыс істейтін өнім Инкрементіне айналуы үшін қажет жұмысты анықтап орындайды. Орындалатын жұмыстың қиындығы мен болжанған жұмысты орындау үшін кететін күш әртүрлі болуы мүмкін. Дегенмен, Спринтті Жоспарлау барысында Әзірлеу Тобының алдағы Спринтте не істей алатындығын болжау үшін жұмыстар анықталып жоспарланады. Спринттің алғашқы күндері Әзірлеу Тобы жоспарлаған жұмыс-кездесудің соңына қарай көбіне бір күндік немесе одан аз бөліктерге бөлінеді. Әзірлеу Тобы Спринтті Жоспарлау кезінде және қажет болған жағдайда Спринт Бэклогінде жұмысты өздігінен ұйымдастырады.

Өнім Иесі таңдалған Өнім Бэклогінің элементтерін анықтауға және өзара келісуге көмектеседі. Егер Әзірлеу Тобы тым көп немесе тым аз жұмыс жасайтындығын анықтаса, олар Өнім Бэклог элементтерімен таңдалған жұмысты қабылдайтынын немесе қабылдамайтынын Өнім Иесімен келісуі мүмкін. Әзірлеу Тобы басқа сала мамандарын техникалық немесе салалық кеңестер беруге шақыруы мүмкін.

Спринтті Жоспарлаудың соңында Әзірлеу Тобы-Өнім Иесіне және Скрам Мастеріне Спринт Мақсатына жету және күтілетін Инкрементті дайындау үшін өзін-өзі ұйымдастыратын топ ретінде қалай жұмыс істейтінін түсіндіре алуы керек.

## Спринт Мақсаты

Спринттің Мақсаты - бұл Спринтке мақсат қойылып, оны Өнім Бэклогіне сүйеніп жүзеге асырылады. Ол Әзірлеу Тобына Инкрементті не үшін жасайтындығы туралы нұсқаулық береді. Ол Спринтті Жоспарлау жиналысында шешіледі. Спринттің Мақсаты Әзірлеу Тобына Спринтте жүзеге асырылатын жұмыстарды орындауда икемділік береді. Таңдалған Өнім Бэклогінің элементтері Спринт Мақсатына байланысты біртекті болатын функцияны дайындауға ұсынныс береді. Спринт Мақсаты Әзірлеу Тобының жеке бастамалармен емес, бірге жұмыс жасауына себеп болатын кез-келген үйлесімділік болуы мүмкін.

Әзірлеу Тобы жұмыс барысында Спринт Мақсатын үнемі есте ұстауы керек. Спринт Мақсатына жету үшін функционалдылық және технологиялық жұмыстар орындалады. Егер жұмыс барысында, Әзірлеу Тобының орындайтын жұмыс жоспарланғаннан өзгеше болса, олар Спринт ішінде Спринт Бэклог ауқымын келісу үшін Өнім Иесімен бірлесіп жұмыс істейді.

## Күнделікті Скрам

Күнделікті Скрам - бұл Әзірлеу Тобы үшін 15 минут уақыт құрайтын жағдай. Күнделікті Скрам Спринттің әр күнінде өткізіледі. Онда Әзірлеу Тобы келесі 24 сағат ішінде қандай жұмыс істейтінін жоспарлайды. Бұл Күнделікті Скрамдағы жұмысты тексеріп, алдағы Спринт жұмысын болжай отырып, команданың әрекеті мен жұмысын оңтайландырады. Күнделікті Скрам күрделілікті азайту мақсатында бірдей уақытта және бір жерде өткізіледі.

Әзірлеу Тобы Күнделікті Скрамды Спринттің Мақсатына жету үшін және Спринт Бэклогіндегі жұмыстың қалай аяқталатындығын тексеру үшін пайдаланылады. Күнделікті Скрам Әзірлеу Тобының Спринт Мақсатына жету мүмкіндігін оңтайландырады. Күн өте келе Әзірлеу Тобы Спринт Мақсатына жету үшін, өзін-өзі ұйымдастырушы топ ретінде бірге жұмыс істеуге және Спринт соңында күтілетін Инкрементті қалай дайындауға болатындығын түсінуі керек.

Жиналыстың қалай өтетінін Әзірлеу Тобы белгілейді. Егер ол жиналыстар Спринт Мақсатына жетуге бағытталған болса, оны әртүрлі тәсілдермен өткізуге болады. Кейбір Әзірлеу Топтары сұрақтарды пайдаланады, кейбіреулері пікірталастарға негізделген болады.

Төменде қолдануға жарамды мысал келтірілген:

- Кеше мен Әзірлеу Тобына Спринт Мақсатына жетуге көмектесетін қандай іс атқардым?
- Мен бүгін Әзірлеу Тобына Спринт Мақсатына жету үшін не істеймін?
- Менің немесе Әзірлеу Тобының Спринт Мақсатына жетуге кедергі келтіретін қандай да бір қиындықтарды көріп тұрмын ба?

Әзірлеу Тобы немесе топ мүшелері Күнделікті Скрамнан кейін жұмысты егжей-тегжейлі талқылау үшін, немесе Спринттің қалған жұмысына бейімделу үшін, немесе Спринт жұмысын қайта жоспарлау үшін жиі кездеседі.

Скрам Мастері Әзірлеу Тобының кездесуін қадағалайды, бірақ Күнделікті Скрамның жүргізілу барысына Әзірлеу Тобы жауап береді. Скрам Мастері Күнделікті Скрамның тек 15 минуттық уақыт ішінде ғана өтуін Әзірлеу Тобына үйретеді.

Күнделікті Скрам - бұл Әзірлеу Тобының өзара кездесуі. Егер топ мүшелерінен басқалары кездесуде болса, Скрам Мастері олардың кездесуді бұзбауын қадағалайды.

Күнделікті Скрамдар коммуникацияны жақсартады, басқа кездесулерді азайтады, кедергілерді жою үшін сол кедергілерді анықтайды, жылдам шешім қабылдау амалын тауып алға тартады, Әзірлеу Тобының білім деңгейін арттырады. Бұл кездесудің негізгі көрсеткіші және бейімделуі.

## Спринт Шолуы

Спринт Шолуы Спринттің соңында өнімнің Инкрементін тексеру және қажет болған жағдайда Өнім Бэклогін бейімдеу үшін өткізіледі. Спринт Шолуы кезінде Скрам Тобы мен мүдделі тараптар Спринтте не істелгені туралы бірлесіп пікір алмастырады. Спринт кезінде Өнім Бэклогін және оған байланысты кез-келген өзгерістерге сүйене отырып, қатысушылар өнімнің құндылығын оңтайландыру үшін келесі жұмыстарды бірлесіп анықтайды. Бұл мәртебелі кездесу емес, бейресми кездесу. Инкремент презентациясы кері байланысты орнатуға және серіктестікті арттыруға арналған.

Бір айлық мерзімдегі Спринттерде ең ұзақ дегені төрт сағаттық жиналыс болып табылады. Қысқа Спринттер үшін әдетте шолу да қысқа болады. Скрам Мастері іс-шараның жүзеге асыуын және оған қатысушылардың оның мақсатын түсінуді қамтамасыз етеді. Скрам Мастер барлық қатысушыларды оқиғаға берілген уақыт ішінде жұмыс жасауды үйретеді.

Спринт Шолуы келесі элементтерді қамтиды:

- Қатысушылар құрамына Скрам Тобы және Өнім Иесі шақырған негізгі мүдделі тараптар кіреді;
- Өнім Иесі Өнім Бэклогінің қай элементтері «Дайын» немесе «Дайын емес» екендігін айқындайды;
- Әзірлеу Тобы Спринт кезінде ненің жүзеге асқанын, топ қандай мәселелерге тап болғанын және бұл мәселелер қалай шешілгенін талқылайды;
- Әзірлеу Тобы өзінің «Дайын» деген жұмысын көрсетеді және Инкремент туралы сұрақтарға жауап береді;
- Өнім Иесі Өнім Бэклогін талқылайды. Оның жоспарланған мақсатқа жетуі және жеткізілу күнін үлгерімнің негізінде жасайды (қажет болған жағдайда);
- Бүкіл топ Спринт Шолуы барысында келесі Спринт жоспарына құнды үлес қосатындай етіп, келесіде не істеу керектігі туралы бірлесіп пікірталас бөледі;

©2017 Ken Schwaber and Jeff Sutherland. Offered for license under the Attribution Share-Alike license of Creative Commons, accessible at <http://creativecommons.org/licenses/by-sa/4.0/legalcode> and also described in summary form at <http://creativecommons.org/licenses/by-sa/4.0/>. By utilizing this Scrum Guide, you acknowledge and agree that you have read and agree to be bound by the terms of the Attribution Share-Alike license of Creative Commons.

- Нарық жағдайына байланысты немесе өнімді ықтимал пайдалану үшін қандай нәтижеге жету керектігін және келесі қандай өзгерістер жасау керектігіне шолу; және
- Өнімнің функционалдығы мен мүмкіндігін ескере отырып өнімнің болашақ жетістігіне байланысты уақыт кестесіне, бюджетке, мүмкіндіктер мен нарыққа шолу.

Спринт Шолу нәтижесі – қайта қаралған қазіргі Өнім Бэклогі негізінде келесі Спринт үшін ықтимал Өнім Бэклог элементтерін анықтауы. Сондай-ақ, Өнім Бэклогі жаңа мүмкіндіктерді қанағаттандыру үшін жалпы реттелуі мүмкін.

## Спринт Ретроспективасы

Спринт Ретроспективасы - Скрам Тобына өзін өзі тексеріп, келесі Спринт кезінде енгізілетін даму жоспарын құруға мүмкіндік береді.

Спринт Ретроспективасы Спринт Шолуынан кейін және келесі Спринт Жоспарлауына дейін ұйымдастырылады. Бұл бір айлық Спринт үшін ең көп дегенде үш сағаттық жиналыс. Қысқа Спринттер үшін оқиға әдетте қысқа болады. Скрам Мастер іс-шараның болуын және оған қатысушылардың оның мақсатын түсінуін қамтамасыз етеді.

Скрам Мастері кездесудің оң және нәтижелі болуын қамтамасыз етеді. Скрам Мастер барлық қатысушыларды оқиғаға берілген уақыт ішінде жұмыс жасауды үйретеді. Ол Ретроспективаға басқа топ мүшелерімен тең дәрежеде қатысады, бірақ Скрам процесіне жауап береді.

Спринт Ретроспективасының төменде тізілген мақсаттары бар:

- Соңғы Спринттің қалай өткенін бағалау: қатысушыларға, олардың ара-қатынастарына, процестерге және құралдарға қатысты ненің қалай болғанын талқылайды.
- Ненің жақсы болғанын және нені жақсарту керектігін анықтау және талқылау; және
- Скрам Тобының жұмысына жетілдірулер енгізу жоспарын құру.

Скрам Мастері Скрам процесінің аясында Скрам Тобының өз жұмысын жетілдіруге және оны келесі Спринтте тиімді әрі жағымды қолдану үшін топты ынталандырады. Әрбір Спринт Ретроспективасы кезінде Скрам Тобы жұмыс процесін дамыту немесе «Дайын» анықтамасын бейімдеу; өнімге немесе ұйым стандарттарына қайшы келмейтін жағдайға жеткізу арқылы өнімнің сапасын арттыру жолдарын жоспарлайды.

Спринт Ретроспективасының соңында Скрам Тобы келесі Спринтте жүзеге асатын даму жоспарын анықтап білуі керек. Осы жақсартуларды жүзеге асыру Скрам Тобының бейімделуі болып табылады. Жақсартулар кез-келген уақытта жүзеге асырылуы мүмкін, алайда Спринт Ретроспективасы тексеру мен бейімделуге назар аударудың ресми мүмкіндігін ұсынады.

## Скрам Артефактілері

Скрам Артефактілері жұмыс пен құндылықты анықтайды. Олар айқындықты қамтамасыз етеді және тексеру мен бейімделудің жаңа мүмкіндіктерін береді. Скрам анықтаған артефакттер негізгі ақпараттың айқындығын арттыру үшін арнайы жасалған, осылайша әркім артефактіні бірдей түсінеді.

### Өнім Бэклогі

Өнімнің Бэклогі - бұл өнімде қажет болатын барлық нәрселердің реттелген тізімі. Бұл өнімге деген қойылатын талаптардың жалғыз дереккөзі. Өнімнің Иесі Өнім Бэклогіне, оның мазмұнына, қол жетімділігіне және ретіне жауап береді.

Өнімнің Бэклогі элементтерінің соңы жоқ. Оның басында оған тек белгілі және түсінікті талаптар ғана кіреді. Өнім Бэклогі өнім мен оны қолдану ортасына сәйкес дамиды. Өнімнің Бэклогі өсіп болады; ол өнімге сәйкес, бәсекеге қабілетті және пайдалы болуы керектігін анықтау үшін үнемі өзгеріп отырады. Егер өнім бар болса, оның Өнім Бэклогі да бар болады.

Өнім Бэклогі тізімінде болашақ шығарылымдарда өнім өзгерістерін құрайтын барлық мүмкіндіктер, функциялар, талаптар, жақсартулар және түзетулер берілген. Өнім Бэклог элементтері келесі атрибуттарға ие: сипаттама, реті, орындау бағасы және құндылығы. Өнім Бэклог элементтері әдетте «Дайын» болып аяқталған кезде, оның толықтығын растайтын сынақ сипаттамаларынан да тұрады.

Өнім пайдаланылып, құндылыққа ие болып, нарықтан кері байланыс жинаған сайын, Өнім Бэклогі ұлғайып кешенді тізімге айналады. Талаптар ешқашан өзгеруді тоқтатпайды, сондықтан Өнім Бэклогі - тірі артефакт болып табылады. Бизнес талаптары, нарық жағдайлары немесе технологияның өзгеруі Өнім Бэклогін өзгерістерге әкелуі мүмкін.

Егер бір өнімді дайындауда бірнеше Скрам Топтары бірге жұмыс істейтін болса, олар өнімнің алдағы жұмысын сипаттау үшін бір Өнім Бэклогін қолданады. Сонымен бірге оның элементтері атрибуттар бойынша топтастырылуы мүмкін.

Өнім Бэклогін нақтылау дегеніміз - Өнім Бэклог тізіміндегі элементтерге егжей-тегжейлерді қосу, бағалар мен тапсырыстарды талқылау әрекеті. Бұл Өнім Иесі мен Әзірлеу Тобы бірігіп Өнім Бэклог элементтері бойынша егжей-тегжейлі жұмыс істейтін үздіксіз процесс. Өнім Бэклогін нақтылау кезінде элементтер қайта тексеріліп қаралады. Скрам Тобы осы нақтылау мәселелерін қашан және қалай жүзеге асыру керектігін шешеді. Нақтылау әдетте Әзірлеу Тобының уақыт мөлшерінің 10% -нан аспауы керек. Алайда, Өнім Бэклог элементтерін кез келген уақытта Өнім Иесі өздігінен өзгертуі немесе Өнім Иесінің қалауы бойынша өзгертілуі мүмкін.

Әдетте тізімнің жоғарғы элементтері, астындағы элементтерге қарағанда көбірек талданады. Өнім Бэклог элементтерінің сипаттамасы неғұрлым анық және айқын болса, оларды бағалау дәлірек болады. Алайда, Өнім Бэклог элементтері неғұрлым төмен болса,

©2017 Ken Schwaber and Jeff Sutherland. Offered for license under the Attribution Share-Alike license of Creative Commons, accessible at <http://creativecommons.org/licenses/by-sa/4.0/legalcode> and also described in summary form at <http://creativecommons.org/licenses/by-sa/4.0/>. By utilizing this Scrum Guide, you acknowledge and agree that you have read and agree to be bound by the terms of the Attribution Share-Alike license of Creative Commons.



соғұрлым олар беймәлім болады. Алдағы Спринтте Әзірлеу Тобы айналысатын Өнім Бэклог элементтері бір Спринт ішінде «Дайын» болып жүзеге асырыла алатындай етіп жасалады. Әзірлеу Тобы Өнім Бэклог элементтерін «Дайын» түріне келтіруге мүмкін болатын элементтері Спринт Жоспарлауына «Даяр» деп саналады. Осылайша Өнім Бэклогі жоғарыда сипатталған нақтылау жұмыстары арқылы айқындық деңгейіне ие болады.

Әзірлеу Тобы жұмыстың барлық талаптарын бағалауға жауап береді. Өнім Иесі Әзірлеу Тобына жұмыстың мәнін жақсырақ түсінуге және ымыраға келуге көмектесу барысында жұмыстың бағалануына әсер етуі мүмкін, дегенмен жұмысты орындаушылар соңғы және нақты бағаны анықтайды.

### **Мақсаттарға қарай прогресті бақылау**

Кез келген уақытта мақсатқа жету үшін алда қандай жұмыс қалғанын қорытындылауға болады. Өнім Иесі бұл жалпы жұмысты, кем дегенде, әрбір Спринт Шолуы болғанда қадағалайды. Өнім Иесі осы күйді алдыңғы Спринт Шолуында қалған жұмыспен салыстырады, мақсатқа жету үшін жобаланған жұмысты аяқтау прогресін бағалайды. Бұл мәлімет барлық мүдделі тараптар үшін айқын болуы тиіс.

Прогресті болжау үшін түрлі тәжірибелерді қолдануға болады. Мысалы, күйіп қалу диаграмманың екі түрін (жоғары бағытта немесе төмендеу бағытында) немесе жинақталған ағын кестесін қолдануға болады. Оның пайдалы екендігі әлдеқашан дәлелденген. Алайда, бұл эмпиризмнің маңыздылығын алмастыра алмайды. Күрделі ортада не болуы мүмкіндігін болжау қиын. Болған оқиғаны тек алдағы шешім қабылдау үшін пайдалануға болады.

### **Спринт Бэклогі**

Спринт Бэклогі - бұл Спринт үшін таңдалған Өнім Бэклог элементтерінің жиынтығы, сонымен қатар өнімді дайындау жоспары және Спринт Мақсатын іске асыру жоспары болып табылады. Оған қоса Спринт Бэклогі Әзірлеу Тобының келесі Инкрементте қандай функционалдар болатындығын және осы функциялар «Дайын» деген деңгейге жету үшін қажет жұмысты анықтап болжайды.

Спринт Бэклогі Спринт Мақсатына жету үшін Әзірлеу Тобы анықтаған барлық жұмыстарды көрсетеді. Үздіксіз жетілдіруді қамтамасыз ету үшін оған міндетті түрде соңғы Ретроспективті кездесуде анықталған кем дегенде бір басым жетілдіру процесі енеді.

Спринт Бэклогі жеткілікті түрдегі анық жоспарды ұсынады, сондықтан Күнделікті Скрамда прогресті анықтауға болады. Әзірлеу Тобы Спринттің барлық элементтерін Спринт барысында өзгертеді, және Спринт Бэклогі Спринт аяғына қарай көбірек айқындалады. Бұл Әзірлеу Тобы жоспар бойынша жұмыс істеп, Спринт Мақсатына жету үшін қажет жұмыс туралы жаңа мәліметтерді білуі нәтижесінде пайда болады.

Жаңа жұмыс қажет болған жағдайда Әзірлеу Тобы оны Спринт Бэклог тізіміне қосады. Жұмыс орындалған немесе аяқталған кезде есептелген қалған жұмыс жаңартылады. Жоспардың элементтері қажет емес болып саналса, олар алынып тасталады. Спринт

©2017 Ken Schwaber and Jeff Sutherland. Offered for license under the Attribution Share-Alike license of Creative Commons, accessible at <http://creativecommons.org/licenses/by-sa/4.0/legalcode> and also described in summary form at <http://creativecommons.org/licenses/by-sa/4.0/>. By utilizing this Scrum Guide, you acknowledge and agree that you have read and agree to be bound by the terms of the Attribution Share-Alike license of Creative Commons.



кезінде тек Әзірлеу Тобы ғана Спринт Бэклог тізіміне өзгертулер енгізе алады. Спринт Бэклогі Спринт барысындағы Әзірлеу Тобы жоспарлап қойған жұмыстың нақты көрінісі және ол тек Әзірлеу Тобының меншігі болып табылады.

### Спринт барысын бақылау

Спринттің кез-келген уақытында Спринт Бэклогінде қалған жұмысты қорытындылау әбден мүмкін. Әзірлеу Тобы бұл жұмысты, ең болмағанда, Күнделікті Скрам кезінде Спринт Мақсатына жету мүмкіндігін бақылау үшін қадағалайды. Спринттегі қалған жұмысты бақылай отырып, Әзірлеу Тобы оның барысын басқара алады.

### Инкремент

Инкремент - Спринтте аяқталған барлық Өнім Бэклог элементтерінің нәтижесі және барлық алдыңғы Спринттердің Инкременттер жиыны. Спринт соңында жаңа Инкремент «Дайын» болуы керек, демек ол пайдалануға жарамды және Скрам Тобының анықталған «Дайын» деген анықтамасына сәйкес келуі керек. Инкремент эмпирикалық тәсілді қолдайтын және Спринт соңында тексеруге болатын жұмыстардың жиынтығы. Ол көрініске немесе мақсатқа жету қадамы. Өнім Иесі оны шығаруға шешім қабылдағанына қарамастан, Инкремент пайдалануға болатын жағдайда болуы керек.

### Артефакттың айқындығы

Скрам айқындыққа негізделген. Артефакттердің қабылданған жағдайына байланысты құндылық пен бақылау тәуекелін оңтайландыру туралы шешімдер қабылданады. Сенімді шешімдер жасау үшін артефактілер айқын болу керек. Артефактілер толығымен айқын болмаған жағдайда, бұл шешімдер қате болып, құндылығы төмендеп қауіп-қатер артуы мүмкін.

Скрам Мастер артефактілердің айқын екенін түсінуі үшін Өнім Иесі, Әзірлеу Тобы және басқа да мүдделі тараптармен бірігір жұмыс жасауы керек. Айқындықтың толық болмағанымен күресу әдістері бар. Егер айқындық толық болмаса, Скрам Мастер барлығына ең қолайлы болатын әрекеттерді орындауға көмектесуі керек. Скрам Мастер артефактілерді, түсіну заңдылықтарын тексеру, айтылғанды мұқият тыңдау, күтілетін және болған нәтижелер арасындағы айырмашылықтарды анықтау арқылы айқындықтың толық еместігін анықтай алады.

Скрам Мастердің міндеті – Скрам Тобы мен ұйыммен жұмыс жасау барысында артефактілердің айқындығын арттыру. Бұл жұмыс әдетте ізденісті, сенімділікті және өзгерістерді қамтиды. Айқындық бір түнде пайда болмайды, ол күрделі жол нәтижесі болып табылады.

## «Дайын» анықтамасы

Өнім Бэклогі немесе Инкремент «Дайын» деп сипатталған кезде, барлығы «Дайын» деген нені білдіретінін түсіну керек. Жұмыс қорытындысының қандай жағдайда толық орындалғаны жайлы түсінік әртүрлі болуы мүмкін, дегенмен бір Скрам Тобының әр қатысушысы үшін ол бірдей болуы керек. Бұл Скрам Тобы үшін «Дайын» деген істің анықтамасы және өнім Инкрементінің жұмыс аяқталғанын бағалау үшін қолданылады.

Дәл осындай критерийлер Әзірлеу Тобына Спринтті Жоспарлау кезінде Өнім Бэклогінің қанша элементтерін орындау мүмкіндігін анықтауға көмектеседі. Әрбір Спринттің Мақсаты Скрам Тобы қабылдаған қол жетімділік критерийлеріне сәйкес келетін өнім Инкрементінің «Дайын» деген мүмкіндігін арттыруы болып табылады.

Әзірлеу Топтары әр Инкрементпен Спринтте өнімінің функционалдығын арттырады. Бұл Инкремент қолдануға жарамды болып табылады, сондықтан Өнім Иесінің қалауынша оны тез арада шығара алады. Егер Инкремент үшін «Дайын» анықтамасы конвенциялардың, стандарттардың немесе ұйымының нұсқауларының бөлігі болса, барлық Скрам Топтары оны міндетті түрде орындауы керек.

Егер Инкремент үшін «Дайын» деген сөз ұйымның ережесінде анықталмаса, Әзірлеу Тобы Скрам Тобының өнімге сәйкес келетін «Дайын» анықтамасына келісуі керек. Егер жүйеде немесе өнімді шығаруда бірнеше Скрам Топтары бірігіп жұмыс істесе, олардың барлығы өзара келісіп «Дайын» анықтамасына келуі керек.

Әрбір Инкремент барлық алдыңғы Инкременттерге қосымша болып келетіндіктен, толық нәтиже бірегей жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін мұқият тексеріледі.

Скрам Топтары есейген сайын, олардың «Дайын» анықтамалары күрделеніп, сапаның неғұрлым қатаң критерийлерін қосады деп күтілуде. Қолданыстағы жаңа анықтамалар бұрынғы «Дайын» қадамдарымен жасалатын жұмыстарды кеңейтуі мүмкін. Кез келген өнімде немесе жүйеде кез-келген жұмыс үшін үлгі болып табылатын «Дайын» анықтамасы болуы керек.

## Нұсқау тұжырымы

Осы нұсқауда ұсынылған Скрам ақысыз болып табылады. Скрам рөлдері, оқиғалары, артефактілері мен ережелері өзгермеуі тиіс; және Скрамның тек бөліктерін ғана орындау мүмкін болса да, нәтижесінде Скрам шыққан жоқ. Скрам тек тұтас негіз ретінде ғана анықталады, бірақ ол басқа әдістерді, әдістемелер мен тәжірибелерді қолданыла алады.

## Алғыс хат

### Тұлғалар

Скрамға үлес қосқан мыңдаған адамдардың ішінен біз бастапқыда үлкен қызмет істеген тұлғаларды бөліп көрсетуіміз керек: Джефф Сазерленд Джефф Маккенна мен Джон Скумиоталеспен бірге жұмыс істеді, ал Кен Швабер Майк Смит пен Крис Мартинмен бірге жұмыс істеді және де олардың барлығы бірге Скрамды шығаруда үлкен үлес қосқан. Кейінгі жылдарда көптеген басқа мамандар еңбектеніп, олардың Скрамға бағытталған жұмыстары өте көп.

### Тарихы

Кен Швабер мен Джефф Сазерленд 1995 жылы OOPSLA конференциясында Скрам туралы баяндама жасағанға дейін оны шығаруда жұмыс істеді. Бұл презентацияда негізі Кен мен Джефтің соңғы бірнеше жылдар бойы алған білімі құжатталды және Скрам туралы алғашқы ресми анықтама жария етілді.

Скрам тарихын басқа материалдардан табуға болады. Бұл анықтамада біз оны бірінші болып сынап, фреймворкке өзгеріс енгізген ұйымдарды ғана атап өтеміз: Individual, Inc., Fidelity Investments және IDX (бүгін - GE Medical).

Скрам нұсқаулығы Джефф Сазерленд пен Кен Швабердің Скрамды 20 жылдан астам уақыт ішінде дамытып, кеңейтілген және демеп жетілдіретін құжат ретінде ұсынылады. Басқа мәліметтерден сіз Скрам фреймворкты толықтыратын сызбаларды, процестер және түсініктерді табуыңыз мүмкін. Бұл өнімділікті, құндылықты, креативтілікті және нәтижелерге қанағаттануды арттыруы мүмкін.

### Аударманы ұсынған

Бұл нұсқаулық жоғарыда аталған нұсқау авторлары ұсынған ағылшын тіліндегі түпнұсқадан аударылған. Аударманы лингвистер көмегімен дайындаған - Асылбекова Анара, Agile Coach және тренер, PMP, Agile және цифрлау өзгерулерді енгізу маманы.

Аударманы ұсынған маманның аты-жөні: Асылбекова Анара

Электронды пошта: [anara@asylbekova.kz](mailto:anara@asylbekova.kz)

Веб-сайт: [www.asylbekova.kz](http://www.asylbekova.kz)

LinkedIn: [www.linkedin.com/in/asylbekova](http://www.linkedin.com/in/asylbekova)

Twitter: @AnaraAsylbekova

©2017 Ken Schwaber and Jeff Sutherland. Offered for license under the Attribution Share-Alike license of Creative Commons, accessible at <http://creativecommons.org/licenses/by-sa/4.0/legalcode> and also described in summary form at <http://creativecommons.org/licenses/by-sa/4.0/>. By utilizing this Scrum Guide, you acknowledge and agree that you have read and agree to be bound by the terms of the Attribution Share-Alike license of Creative Commons.

# Скрам Нұсқауының 2016 және 2017 басылымдарының арасындағы өзгерістер

## 1. «Скрамды қолдану» бөлімі қосылды.

Скрам бастапқыда өнімдерді шығаруды басқару және дамыту үшін қолданылған. 1990 жылдардың басынан бастап Скрам бүкіл әлемде кеңінен келесі жұмыстарда қолданылды:

1. Өміршең нарықтарды, технологияларды және өнімнің мүмкіндіктерін зерттеу және анықтау;
2. Өнімдерді шығару мен оларды жақсарту;
3. Өнімді шығарумен қатар оларды күніне бірнеше рет жаңарту;
4. Бұлтта (онлайн желіде, қауіпсіз, сұраныс бойынша) және өнімді пайдалану үшін басқа да ортаны дамыту және демеу; және,
5. Өнімдерді демеу және жаңарту.

Скрам программаны, аппараттық құралдарды, ендірілген қосымша программаны, өзара әрекеттесетін желілерді, автокөлік құралдарын, мектептерді, үкіметті, маркетингі, ұйымдардың жұмысын басқаруда, күнделікті жеке өмірімізде және қоғамда кез келген нәрсені жасау немесе өндіру үшін қолданылуы мүмкін.

Технология, нарықтық, экологиялық қиындықтар және олардың өзара әрекеттестігі тез қарқынмен өскен сайын, Скрамның күрделілік мәселесіне деген пайдасы күнделікті дәлелденіп келеді.

Скрам әсіресе білімді итеративті және Инкрементті түрде айырбастауда тиімді екенін дәлелдеді. Скрам қазіргі таңда өнімдердің жұмысында, қызметте және ұйымдарды басқаруда кеңінен қолданылады.

Скрамның негізі - бұл шағын топ. Жеке шағын топ өте икемді және бейімделгіш болып табылады. Бұл артықшылық бір немесе бірнеше көптеген топтарға және топтар жиынына бірдей қолданылады. Ол мыңдаған адамдардың еңбегін, өнімдерді дайындайтын, релизбен шығаратын, басқаратын және қолдайтын құрылым. Олар дамыған архитектуралар мен анықталған релиз орталарымен өзара әрекеттеседі.

Скрам нұсқаулығында «даму» және «дамыту» сөздері қолданылған кезде, олар жоғарыда аталған күрделі жұмыстарға негізделгенін анық түсінуге болады.

## 2. «Скрам Мастер» бөліміндегі мәтін осы рөлді дәлірек сипаттау үшін өзгертілді. Жаңа нұсқасы:

Скрам Мастері Скрам нұсқаулығында көрсетілгендей Скрамды алға жетелеу және қолдау үшін жауап береді. Скрам Мастерлері оны бәріне Скрам теориясын, тәжірибесін, ережелерін және құндылықтарын түсінуге көмектесу арқылы жасайды.

Скрам Мастері Скрам Тобының қызметші-көшбасшысы. Скрам Мастері Скрам Тобынан тыс адамдарға Скрам Тобымен өзара әрекеттесудің қайсысы пайдалы және қайсысы пайдасыз екендігін түсінуге көмектеседі. Скрам Мастері ол өзара әрекеттесуді Скрам Тобы жасаған жұмыстың құндылығын арттыру мақсатында өзгертуге көмектеседі.

### **3. «Скрам Мастерінің Өнім Иесіне қызметі» бөліміне мәтін қосылды:**

Скрам Мастері Өнім Иесіне бірнеше жолмен қызмет етеді, соның ішінде:

- Скрам Тобының әрбір мүшесі алға қойылған мақсаттың қаншалықты ауқымды екеніне және өнімнің саласына сай қасиеттерін мүмкіндігінше түсінетіндігіне көз жеткізю.

### **4. «Күнделікті Скрам» бөлімінің бірінші абзацы жаңартылды, енді ол төмендегідей:**

Күнделікті Скрам - бұл Әзірлеу Тобы үшін 15 минут уақыт құрайтын жағдай. Күнделікті Скрам Спринттің әр күнінде өткізіледі. Онда Әзірлеу Тобы келесі 24 сағат ішінде қандай жұмыс істейтінін жоспарлайды. Бұл Күнделікті Скрамдағы жұмысты тексеріп, алдағы Спринт жұмысын болжай отырып, команданың әрекеті мен жұмысын оңтайландырады. Күнделікті Скрам күрделілікті азайту мақсатында бірдей уақытта және бір жерде өткізіледі

### **5. Күнделікті Скрам мақсаттарының айқындығын қамтамасыз ету үшін «Күнделікті Скрам» бөліміне келесі өзгерістер енгізілді:**

Жиналыстың қалай өтетінін Әзірлеу Тобы белгілейді. Егер ол жиналыстар Спринт Мақсатына жетуге бағытталған болса, оны әртүрлі тәсілдермен өткізуге болады. Кейбір Әзірлеу Топтары сұрақтарды пайдаланады, кейбіреулері пікірталастарға негізделген болады.

Төменде қолдануға жарамды мысал келтірілген:

- Кеше мен Әзірлеу Тобына Спринт Мақсатына жетуге көмектесетін қандай іс атқардым?
- Мен бүгін Әзірлеу Тобына Спринт Мақсатына жету үшін не істеймін?
- Менің немесе Әзірлеу Тобының Спринт Мақсатына жетуге кедергі келтіретін қандай да бір қиындықтарды көріп тұрмын ба?

### **6. Уақыт шектеулеріне қатысты түсіндірулер:**

«Ең көп дегенде» деген сөз тіркестігі іс-шараларға кететін уақыт туралы барлық мүмкін емес пікірталастарды болдырмауға, сондай-ақ оларды өткізудің рұқсат етілген ең ұзақ мерзімдерін анықтауға қолданылады.

### **7. «Спринт Бэклогі» бөліміне келесі мәтін қосылды:**

Үздіксіз жетілдіруді қамтамасыз ету үшін оған міндетті түрде соңғы Ретроспективті кездесуде анықталған кем дегенде бір басым жетілдіру процесі енеді.

## 8. «Инкремент» бөліміне түсініктеме қосылды:

Инкремент эмпирикалық тәсілді қолдайтын және Спринт соңында тексеруге болатын жұмыстардың жиынтығы. Ол көрініске немесе мақсатқа жету қадамы.